

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ 	«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2025 жылғы «__» _____ №1 редакция	Қ 029-04-02-01.1.01-2025

**«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық
зерттеу университеті» КЕАҚ Бизнес әкімшілендіру докторы (DBA)
білім беру бағдарламасына қабылдау
ҚАҒИДАСЫ**

Қ 029-04-02-01.1.01-2025

Алматы, 2025

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Білім алушылар контингентін қалыптастыру кеңсесінде ӘЗІРЛЕНДІ

Білім алушылар контингентін
қалыптастыру кеңсесінің директоры
«___» _____ 2025 ж.

 М.Нарбаев

Е.Түркебаев атындағы Жобаларды
басқару институтының директоры
«___» _____ 2025 ж.

 Б.Амралинова

2 КЕЛІСІЛДІ


Басқарма мүшесі - Академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
«___» _____ 2025 ж.

 Р.Ускенбаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы
«___» _____ 2025 ж.

 Т.Абукенов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы
«___» _____ 2025 ж.

 А.Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің
бастығы
«___» _____ 2025 ж.

 Ж.Орақбаева

3 Басқарманың 2025 жылғы «___» _____ № ___ шешімімен БЕКІТІЛДІ

4 Бірінші рет ЕНГІЗІЛДІ

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	DBA білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар	4
4	DBA білім беру бағдарламаларына түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі	5
5	Әңгімелесу өткізу тәртібі	6
6	DBA білім беру бағдарламасы бойынша оқуға дайындықты бағалау критерийлері	6
7	DBA білім беру бағдарламаларына қабылдау	8
8	Қорытынды ережелер	9
	Өзгерістерді тіркеу парағы	10

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы DBA Сәтбаев университетінің (бұдан әрі – Университет) білім беру бағдарламасына (БББ) қабылдау қағидасы 2025 жылғы 26 қаңтардағы №29 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына сәйкес өзгерістермен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленді.

1.2 DBA бағдарламасы – бизнес-әкімшілендіруде жобалық жұмыс пен қолданбалы зерттеулер жүргізуге негізделген және басқарушы кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасы.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Қағидаларда келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

- «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 26 қаңтардағы №29 бұйрығына сәйкес өзгерістермен) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары.

3 DBA білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар

3.1 DBA білім беру бағдарламасына Қазақстан Республикасының азаматтары немесе магистр / MBA (EMBA) / ғылым кандидаты дәрежесі бар, кемінде 3 жыл және басшылық лауазымда кемінде 1 жыл өтілі бар шетелдік азаматтар өтініш бере алады.

3.2 Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжаттарды алған тұлғалар Университетке DBA білім беру бағдарламаларына түсу үшін білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау рәсімінен өтуі қажет. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар халықаралық

шарттарға (келісімдерге) сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында танылады.

4 DBA білім беру бағдарламаларына құжаттарды қабылдау тәртібі

4.1 Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы - Басқарма төрағасы – Университет ректоры немесе Қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары, яғни Басқарма мүшесі - докторантураға жетекшілік ететін проректор болып табылады. Қабылдау комиссиясының құрамы Басқарма төрағасы - Университет ректорының немесе қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасарының, яғни Басқарма мүшесі – докторантураға жетекшілік ететін проректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.2 DBA білім беру бағдарламасында оқыту жеке немесе заңды тұлғамен жасалатын білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

4.3 DBA білім беру бағдарламасы бойынша оқыту тек ақылы негізде жүргізіледі.

4.4 Шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен DBA-ға қабылданады.

4.5 DBA білім беру бағдарламасына түсетін ҚР азаматтары Университетке келесі құжаттарды ұсынады:

- Басқарма төрағасы - Университет ректорының атына еркін нысандағы өтініш;

- қосымшасы бар + көшірмесімен жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

- қосымшасы бар + көшірмесімен магистратураны бітіргені туралы диплом немесе бейінді магистратураға теңестірілген жоғары арнаулы білімді бітіргені туралы диплом (түпнұсқа);

- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

- өлшемі 3x4 сантиметр болатын 6 фотосурет;

- 075-У нысанындағы медициналық анықтама және флюорография суреті (түпнұсқа + 2 дана көшірме);

- Еңбек кітапшасы немесе фирмалық бланкідегі еңбек өтілін растау туралы жұмыс орнынан анықтама;

- Тіркеу куәлігінің немесе әскери билеттің көшірмесі.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге, олардың түпнұсқалары салыстыру үшін ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Алдыңғы білім туралы диплом оқу аяқталғанға дейін Университеттің қабылдау комиссиясында қалады.

5 Әңгімелесу өткізу тәртібі

5.1 DBA білім беру бағдарламасына түсетін адамдар әңгімелесуден өтеді және Комиссияға мотивациялық эссе ұсынады. Әңгімелесу және мотивациялық эссені бағалау нәтижелері бойынша үміткерді білім беру бағдарламасына қабылдау туралы шешім қабылданады. Әңгімелесуден өту кезінде ұсыным хаттардың болуы құпталады.

5.2 Комиссия шешімінің нәтижелері апелляцияға жатпайды.

5.3 Әңгімелесу өткізу кезінде комиссия мүшелерінің жұп емес санынан Университетте комиссия құрылады, хатшының дауыс беруге құқығы жоқ.

5.4 Комиссия тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамынан, Университет қызметкерлерінен құралады.

5.5 Комиссияның құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, Ректордың немесе докторантураға жетекшілік ететін проректордың бұйрығымен бекітіледі.

6 DBA білім беру бағдарламасы бойынша оқуға дайындықты бағалау критерийлері

6.1 Әңгімелесуден өту кезінде комиссия үміткердің DBA білім беру бағдарламасы бойынша оқуға дайындығын келесі критерийлерге сәйкес бағалайды:

- Кәсіби тәжірибе және білім.

Басқарудағы практикалық тәжірибе: Бас менеджер ретіндегі немесе одан жоғары тәжірибе, күрделі бизнес-процестерді түсінуді көрсету мүмкіндігі.

Салалық білім: Бағдарлама шеңберінде оқыту мен практикалық зерттеулерді байыта алатын белгілі бір саладағы білім тереңдігі.

Жобалық тәжірибе: Стратегияларды әзірлеу мен іске асыруды қоса алғанда, маңызды жобаларды сәтті басқару.

- Академиялық біліктілік.

Білім беру аясы: Тиісті саладағы магистр дәрежесі немесе оған теңестірілген білім.

Аналитикалық дағдылар: Сыни талдау, логикалық ойлау және мәселелерді шешу қабілеті.

- Зерттеу әлеуеті.

Зерттеу қызығушылығы: Үміткердің зерттеуге қызығушылық танытатын бағыттарын айқын түсінуі және олардың қазіргі заманғы бизнес үшін өзектілігі.

Жаңа идеяларды дамыту әлеуеті: Зерттеу жобаларына айналдыруға болатын жаңа идеяларды ұсына білу қабілеті.

- Мотивация және мақсаттар

Үміткердің мақсаттары: Ұзақ мерзімді кәсіби және академиялық мақсаттардың айқындылығы мен шынайылығы.

ДВА бағдарламасы бойынша оқыту уәждемесі: ДВА бойынша осы мақсаттарға жетуге қалай көмектесетінін түсіну.

- Жеке қасиеттер.

Коммуникативтік дағдылар: Ойды анық және сенімді түрде жеткізе білу, сонымен қатар сұрақтарды тыңдау және жауап беру.

Көшбасшылық қасиеттер: Бұрынғы көшбасшылық тәжірибе және оны дамыту әлеуеті.

Командада жұмыс істей білу: Көпсалалы және көпмәдениетті топтарда сәтті жұмыс істеудің мысалдары.

- Бағдарламаның құндылықтарына сәйкестігі.

Этикалық стандарттар: Үміткердің жеке және кәсіби құндылықтарының бағдарлама құндылықтарына сәйкестігі.

ДВА қауымдастығына үлес қосу: Бағдарлама жұмысына белсенді түрде қатысу және оның дамуына үлес қосу мүмкіндігі.

- Сұрақтар мен жауаптар.

Күрделі сұрақтарға реакция: Сынға және күрделі сұрақтарға барабар жауап беру қабілеті, қысым кезінде ойлау қабілетін көрсетеді.

6.2 Бағалау 100 балдық шкала бойынша жүргізіледі. Бағалау критерийлерінің салмақтық үлестері өзара бірдей болып табылады.

6.3 ДВА бағдарламасына қабылдау үшін өту балы – 70.

6.4 ДВА бағдарламасына үміткерлермен тиімді түрде сұхбат өткізу үшін төменде көрсетілген негізгі бағалау критерийлері бойынша сұрақтар пулын қолдануға болады. Әрбір сұрақ 100 балдық шкала бойынша бағаланады, мұнда үміткердің жауаптары мазмұндылығы, талдау тереңдігі және өзектілігі тұрғысынан бағаланады.

– Кәсіби тәжірибе мен білім (20 балл).

Сіз жетекшілік еткен ең маңызды жоба туралы айтып беріңіз. Алдыңызға қандай міндеттер қойылды және қандай нәтижелерге қол жеткіздіңіз? (10 балл).

Кәсіби мансабыңыз барысында қандай негізгі басқарушылық дағдыларды дамыттыңыз? (10 балл).

– Академиялық біліктілік (10 балл).

Академиялық жетістіктеріңіздің немесе жобаларыңыздың қайсысын өзіңіздің кәсіби мансабыңыздағы ең маңызды деп санайсыз? (10 балл).

– Зерттеу әлеуеті (20 балл).

ДВА бағдарламасы аясында қандай зерттеу тақырыбын дамытқыңыз келеді? Неге дәл осы тақырып сізді қызықтырады? (10 балл).

Сіз бастама көтеріп немесе өзіңіз жүргізген зерттеу мысалын келтіре аласыз ба? Зерттеу нәтижелері қандай болды? (10 балл).

– Уәждеме және мақсаттар (15 балл).

Неліктен сіз дәл DBA бағдарламасына түсуге шешім қабылдадыңыз? Бұл сіздің ұзақ мерзімді кәсіби мақсаттарыңызбен қалай үйлеседі? (10 балл).

DBA бағдарламасында оқудан не күтесіз? (5 балл).

– Жеке қасиеттері (15 балл).

Сіздің көшбасшылық қабілетіңіз ұйымыңыздағы қай жағдайда дауды шешуге немесе процесті жақсартуға көмектескенін сипаттап бере аласыз ба? (7,5 балл).

Сіз көпмәдениетті және көпсалалы командаларда жұмысты қалай үйлестіресіз? (7,5 балл).

– Бағдарлама құндылықтарына сәйкестік (10 балл).

Бағдарлама аясындағы шешімдер мен әрекеттеріңіздің этикалық стандарттарға сәйкестігін қалай қамтамасыз етесіз? (5 балл).

DBA қауымдастығының дамуына өз үлесіңізді қалай қосуды жоспарлайсыз? (5 балл).

– Сұрақтар мен жауаптар (10 балл).

Сіз сынға қалай қарайсыз? Жеке немесе кәсіби дамуыңыз үшін конструктивті сынның көмегін пайдаланған кезіңізге мысал келтіре аласыз ба? (10 балл).

Бағалау әрбір сұрақ бойынша келесі көрсеткіштер негізінде жүргізіледі: Жауаптың тереңдігі мен толықтығы (бір сұраққа ең көбі 50% балл);

Іс жүзінде қолдануға жарамдылық және мысалдардың болуы (бір сұраққа ең көбі 30% балл);

Бағдарламаның мақсаттары мен талаптарына сәйкестігі (бір сұраққа ең көбі 20% балл).

Қорытындысында, барлық бағалар қосылып, 100 балдық шкала бойынша жалпы нәтиже шығарылады. Бұл тәсіл таңдау барысының объективтілігі мен әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

7. DBA білім беру бағдарламасына қабылдау

7.1 Әңгімелесу және қабылдау семестр басталғанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

7.2 DBA білім беру бағдарламасына білім алушылар қатарына қабылдауды Қабылдау комиссиясы әңгімелесу отырысының хаттамасы негізінде, бастапқы сұхбаттасу қорытындылары бойынша жүзеге асырады.

7.3 DBA білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаларға «Іскерлік әкімшілендіру докторы» дәрежесі беріле отырып, өз үлгісіндегі Диплом беріледі.

7.4 Өтініштерді қабылдау күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады, DBA білім беру бағдарламасына түсушілерді қабылдау жазғы және қысқы кезеңдегі академиялық күнтізбеге сәйкес демалыс уақытында жүргізіледі.

8. Қорытынды ережелер

8.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың осы Қағидаларымен регламенттелмеген мәселелерді Сәтбаев Университетінің қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және нормативтік құжаттарына сәйкес шешеді.

Өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгеріс түрі (ауыстыру, күшін жою, толықтыру)	Хабарлама нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Уақыты	Тегі және аты-жөні қолы, лауазымы